

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ФАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Боэций, кейінгі грек философиясы
және Каролингтер империясындағы
философия





Кітап:

Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Орта ғасыр философиясы

Дәріс:

3. Бозеций, кейінгі грек философиясы және Каролингтер империясындағы философия

Мақсат – Бозеций ілімін, кейінгі грек философиясын және Каролингтер империясындағы философияны талдау.

Жоспар

Бозецийдің жұбанышы.

Кейінгі грек философиясы.

Каролингтер империясындағы философия.

Түйін сөздер

Христологиялық пікірталастар, монофизитизм, ариандық жол, каролингтік қайта өрлеу.

Бесінші ғасырда Рим империясында (әсіресе батыс бөлігі) жау шапқыншылығы мен қызыу діни пікірталастар (көбіне шығыс бөлігінде) өрбіді. Аугустин кенеттен қайтыс болғандықтан, Эфестегі шіркеу кеңесіне қатыса алмады. Император II Феодосийдің бұл кеңесті шақыруына Константинополь мен Александрия патриархаттарының Исаңы «Құдайдың ұлы» деп таныған ілім төңірегіндегі пікірлерінің қарама-қашылығы себеп болды.

Бір ғасыр төңірегінде готтар мен вандалдардан кейін олардан да қауіпті шапқыншылар, яғни Еділ (Аттилла) патша бастаған ғұндар келді. Еділ 451 жылы Рим әскерлерімен шайқаспас бұрын Қытайдан Рейнге дейінгі ұлан-ғайыр аумақты жаулап алды. Одан кейінгі жылы Италияны жаулады. Ал Рим папасы Ұлы Лео шешендігінің арқасында Рим қаласын Еділ патшаның шапқыншылығынан аман алып қалды.

431 жылы Эфесте өткен кеңесте Константинопольдің епископы Несторий «Исаңың анасы Мариям Құдайдың анасы болуы мүмкін емес» деген көзқарасты насиҳаттағаны үшін сottалды. Кеңестің шешімі бойынша, тұжырымдаудың дұрыс жолы Исаңың құдайлық және адамдық болмысы бар біртұтас тұлға екені айттылды. Алайда Құдай ұлының тек бір болмысы бар деп санайтын Александриялықтардың бәрі бірдей бұл тұжырымға сенбегендіктен, экстремистер Эфесте екінші кеңесті ұйымдастыруды. Онда бір ғана болмыс туралы ілім («монофизитизм») жарияланды. Рим Папасы Лео екі болмыс іесі болуды растайтын жазбаша дәлелдерді көлтіріп, кеңесті қарақшылар ордасы деп айыптады.

Римнің қолдауына арқа сүйеген Константинополь Александриялықтарға жауап ретінде 451 жылы Халқидондық кеңесте Исаңың екі болмысы бар екені туралы доктринаны бекітті. Иса – адамтәнді және адамжанды Құдай, ھем мінсіз адам. Ол Құдай-Әкесімен құдайлығын, ал бізben адам болмысымен бөлісті. Сол кезден бастап, Халқидондағы кеңестің және Эфестегі бірінші кеңестің шешімдері христиандардың басым көпшілігі үшін ортодоксалдықтың өлшемі болып танылды. Дегенмен, империяның шығыс бөліктерінде несториандық және монофизиттік христиандардың бірталай қауымдары сақталып қалды. Олардың бір бөлігі біздің заманға дейін жетті. Ұғасырдағы бұл кеңестер ойдаң даму тарихындағы кейінгі бірнеше ғасырда философияға ықпал еткен «болмыс» және «адам» деген терминдердің техникалық мағынасының қалыптасуына әсер етті.

Варварлық әскердің қолбасшыларының бірі Одоакр 476 жылы тек іс жүзінде ғана емес, қағаз жүзінде де билеуші болуға шешім қабылдады. Ол соңғы император Ромул Аугустты Неаполь маңына жер аудартты. Одан кейінгі жарты ғасыр бойы Италия Гот провинциясы болды. Оның патшалары христиан болғанына қарамастан, кейінгі христологиялық пікірталастарға онша қызыға қойған жоқ. Олар I Константиннің билік құрған уақытында теріске шығарылған христиандықтың ариандық деп аталатын жолын ұстанды. Ариандықтың өзі әртүрлі болды. Бірақ, олардың барлығы «Құдайдың ұлы Исаңың Құдай-Әкесімен болмысы бір» дегенді жоққа шығарды. Гот патшаларының ішіндегі ең жігерлі Теодорих (493–526 жж. билік құрған) толеранттық режимін орнатты. Ол ариандықтар, яхудилер мен православтық католиктердің өзара бейбіт өмір сүруіне және өнер мен мәдениеттің өркендеуіне мүмкіндік берді.

Манлий Северин Бозеций – Теодорих министрлерінің бірі, құдіретті римдік сенаторлық әулеттің мүшесі болатын. Батыс империясының құйреуінен кейін дүниеге келген Бозеций әкесінен жастай айырылған. Оны консул Симмахтың отбасы асырап алды. Кейін ол консулдың қызына үйленді. 510 жылы ол да консул қызметіне тағайындалды. 522 жылы оның екі ұлы да консул атанады. Бозеций сол жылы Римнен Теодорихтің астанасы Равеннаға, ең жоғары



Кітап:

Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Ортағасыр философиясы

Дәріс:

3. Бозеций, кейінгі грек философиясы және Каролингтер империясындағы философия

әкімшілік лауазым қызметіне орналасу үшін қоныс аударды. Ол бұл қызметті де абыраймен атқарды.

Бозеций жас кезінде грек деректерінен алғынған мәліметтер негізінде музыка және математика бойынша анықтамалықтар жазды. Сонымен қатар, Платон мен Аристотельдің барлық еңбегін латын тіліне аударуды жоспарлады. Алайда, бұл ойын толықтай жузеге асыра алмады. Аристотельдің кейбір логикалық шығармаларына жазған түсініктемелерінен оның стоиктік этикадан да хабардар екенін көре аламыз. Үштік және Исаның жаратылуы доктриналарына арналған төрт діни трактат жазды. Бұл еңбектерінде Аугустиннің және V ғасырдағы христологиялық пікір-таластардың әсері болғанын байқауға болады. Оның еңбек жолы қиял мен шынайы өмірді қатар алғып жүруді қалайтындарға үлгі болды. Мақтауға сараң философ Гиббон ол туралы былай деп жазды: «Ғылымды дамыту мен ізгілікті тану жолында даңқы шығып, бағы жанған, көпшіліктің және жеке адамдардың сый-құрметіне бөленген Бозеций өз қалауына сай бақытты болар еді, әрине, егер бұл осал әпитетті адам өмірінің соңғы кезеңіне дейін қолдану орынды болса». Алайда Бозеций «Константинопольдегі император Юстинианды Италияға басып кіруге және ариандық билікті жоюға үгіттеп, онымен хат жазысу арқылы католик ретінде опасыздық жасады» деген құдіктің кесірінен бұл құрметті лауазымында ұзақ уақыт қала алмады. Ол Павиядағы мұнараға қамалып, Рим сенатының шешімімен өлім жазасына кесілді. Өлім жазасы орындалғанға дейін түрмеде ең әйгілі – «Философиядан жұбаныш табу» еңбегін жазды. Бұл еңбектің әдеби көркемдігі жоғары, әрі философиялық мазмұны терең болғандықтан көпшіліктің қөңілінен шығып, бірнеше тілге аударылды, – деп жазады Кенни. Солардың ішінде, Кенни әсіресе, Альфред патша мен Чосердің аудармаларын ең үздік деп есептейді. Туындыда адамның бостандығы мен Құдайдың көрегендігімен байланысты мәселелер жіті талқыланады. Мұндай еңбекті азап шегумен бетте-бет келген тақуа католиктен күтудің өзі артық болар еді. Онда пүтқа табынушылардың философиясынан жұбаныш табу туралы айттылғанымен, христиан дінінен жұбаныш табу туралы сөз қозғалмайды.

Бозеций шығармасының басында түрмеде өткізген жылдарында өзіне сұңғақ бойлы, жасы келсе де сұлу, тозығы жетсе де талғаммен тоқылған киім киген әйелдің жіңінен келіп түрғанын баяндайды. Бұл – Философия ханымы болатын. Оның көйлегінде саты бейнеленген. Сатының тәменгі жағына гректің «Р» әрпі және жоғары жағына гректің «ТН» әрпі тоқылған еді. Бұл әріптер философияның практикалық және теориялық белімдерін, ал саты олардың арасындағы қадамдарды білдірді. Бозеций жіңінен оқытын кітаптары арқылы поэзия музаларының шырмауына түсті. Ханым, ең алдымен, оны сол музалардан азат еткісі келді. Екінші жағынан, қамау азабын тартып отырған тұтқынның жанына поэзия арқылы жұбаныш сыйлағысы да келді. «Философиядан жұбаныш табу» еңбегінің бес кітабы кезектесіп берілген проза мен поэзияның үзінділерін тұрады.

Бозеций бірінші кітапта өзіне тағылған айыптардан қорғануға тырысады. Платонның «философтарға саяси мәселелерге де араласу керек» деген үйгарымына да құлақ асып, мемлекеттік қызметке орналасады. Ол сол уақыттан бастап қыындықтарға тап болды. Философия ханымы оның «басына күн туған жалғыз философ» емес екенін есіне салды. Афинада Сократ қайғырса, Римде Сенека қүйзелді. Философия ханымының өзі де озбырлыққа душар болды. Эпикурлықтар мен стоиктер ханымды үрламақ болғанда оның үстіндегі көйлегі жыртылып, үсті-басы алба-жұлба күйге түседі. Ол Бозецийді, жер бетіне жамандық жайылса да, әлемді кездейсоқтық емес, Құдайдың ақыл-ойы басқаратының естен шығармауға шақырады. Кітап стоиктердің жұлып алған жыртысына ұқсас, құштарлықтардан бас тартуға шақыратын өлең жолдарымен аяқталады.

Шектен тыс қуаныш пен
Қорқынышты жеңіңіз.
Өкінішке орын жок,
Үміт те бақыт әкелмес.

Екінші кітапта да стоиктік тақырып жалғасын табады. Бізді қуанышқа бөлейтін тағдырдың сыйы, шын мәнінде, бізге тиесілі болмауы да ғажап емес. Байлықтан кез келген сәтте айырылып қалуымыз мүмкін. Оның құны өзгелермен бөліскенде ғана артпақ. Егер менің қызметшілерім



Кітап:

Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Ортағасыр философиясы

Дәріс:

3. Бозаңи, кейінгі грек философиясы және Каролингтер империясындағы философия

адал әрі абыройлы болса, бұдан асқан рақым болмас та еді. Саяси билік өліммен немесе құлдықпен аяқталуы мүмкін. Билікке ие болу – түкке тұрғысыз дүние. Адамдар жер шарының төрттен бір бөлігінде ғана қоныстаған. Аспан өрісімен салыстырғанда біздің әлеміміз болмашы ғана. Өз билігін мақтан еткен адам басқа тышқандардан үстем болған тышқан сияқты. Аса зор даңқтың өзі бірнеше жылға ғана созылады. Бұл шексіз мәңгілікпен салыстырғанда нөлге тең. Мен байлықтан, құш-қуаттан немесе атақтан бақыт таптаймын. Дүниедегі ең құнды нәрсе – өз-өзіне ие болудан бақыт табу. Бозаңидің өз тағдырына өкпе артуына еш себеп жоқ. Тағдырдың тартқан жақсылықтары аз болған жоқ. Енді тағдыр жіберген жамандықтарға да төзуі тиіс. Кей сәттерде адамға бақытсыздық сәттілікке қарағанда көбірек қажет болуы мүмкін. Сәттілік – жалған, ол өзінің тұрақтысыздығымен ғана тұрақты. Сәтсіздік – байлық атаулының ішіндегі ең қыымбаты. Себебі ол адамдарға өз-өзін тануға және нағыз достарын тануға көмектеседі.

Бозаңи үшінші кітабында Платон мен Аристотельдің шығармаларына сүйеніп, шынайы бақытты сыртқы игіліктерден табу мүмкін емес екенін дәлелдейтін ойларын баяндайды. Философия ханымының айтуынша, Құдай – барша игіліктің ішіндегі ең кемелі; ал кемел игілік дегеніміз нағыз бақыт. Сондықтан, нағыз бақытты тек Құдайдан ғана күтүге болады.

Төртінші кітапта Бозаңи Философия ханымына: «Арсыздардың ісі неге өрге басады?» деген сұрақ қояды. Философия арсыздардың жолы болғыш келуінің сырт көзге ғана солай екенін жеткізу үшін Платонның «Горгий» еңбегінен дәйектер келтіреді. Жамандыққа талпынудың өзі бақытсыздыққа бастайды. Жамандық жасауда жетістікке жету – асқан бақытсыздық. Ал бәрінен жаманы – өз әрекеттеріңе сай лайықты жазанды алмау. Жақсы адам құдайшылыққа талпынған кезде, жаман адам жабайы хайуанға айналады. Сараңдық – оны қасқырға, ұрысқақтық – итке, айлакерлік – тұлқіге, ашуашандық – арыстанға, қорқақтық – бұғыға, еріншектік – есекке, тоңмойындық – доңызға айналдырады.

Барлығы Құдайдың көрегендігімен басқарылады. Бұл «тағдырдың жазуы» дегенді білдіре ме? Философия ханымы осының айырмашылықтарын көрсетеді. Көрегендік – барлығын байланыстыратын құдайы себеп. Ал тағдыр – кеңістік пен уақытта шашыраңқы таралған заттардың қозғалысын ұйымдастыруши. Тағдырдың күрделі механизмі көрегендіктің қарапайымдылығынан пайда болады. Тағдыр ісі бізге ретсіздік сияқты көрінеді. Егер көрегендіктің жалпы нобайын байқай алсақ, онда біздің өмірімізде болып жатқан өзгерістің барлығы әділетті әрі дұрыс екенін түсінер едік.

Алғашқы төрт кітапта Философия ханымы Сәттілік ханымы туралы көп айтады. Бесінші кітапта «Құдайдың көрегендігімен басқарылатын әлемде сәттілік немесе кездейсоқтық деген ұғымдар болуы мүмкін бе?» деген сұрақ талқыланған. Егер Құдай барлығын білсе және ешқашан қателеспейтін болса, барлығы да міндettі түрде оның көрегендігімен орындалады. Бұл жауаптың мәнісі мынада: Құдай уақыттан тыс, сондықтан көрегендікті алдын ала білу деудің өзі қателік. Орынды бола тұра ақылға сыймайтын бұл сұрақ, мүмкін бізден кейінгі ғасырларда зерттеліп, шешімін таба жатар.

Бозаңи көне латын философиялық дәстүрінің соңғы философы ғана емес. Оның «Философиядан жұбаныш табу» еңбегін классикалық грек философиясының құнды антологияяна жатқызуға болады.

Гректердің пүтқа табынушылық философиясы Бозаңи қайтыс болғаннан кейін де күшін жойған жоқ. Бұл кезеңде Афина мен Александрия мектептері әліде өз қызыметтерін жалғастыруды. Алдыңғы ғасырда афиналық мектептің басшысы еңбексүйгіш әрі оқығаны мол, білімді Прокл болды. Прокл Платонның кейбір диалогтеріне түсініктемелер және Плотиннің «Эннеадалар» еңбегіне сүйеніп энциклопедия жазған. Оның «Теология элементтері» еңбегі қазіргі күннің өзінде неоплатонизм туралы ізденгенде қолдануға ыңғайлы анықтамалық болатыны сөзсіз.

Проклдың жүйесі Плотин ұсынған Үштікке негізделді. Бірақ, шын мәнінде, Прокл христиандықты мойындағысы келмейді. Ол әлемнің жаратылуы туралы христиандық ілімді теріске шығаратын он сегіз еңбек жазды. Әйткенмен оның көптеген идеялары жанама жолдармен христиандық пікірдің арнасына келіп тоғысып жатты. Проклдың еңбектерін Бозаңи де жиі пайдаланған. Прокл кейбір шығармаларын басқа авторлардың, мысалы, Дионисий Ареопагит және тіпті, Аристотельдің атын жамылып та шығарған. Аристотельдікі деп есептелеған Liber de Causis еңбегіне Акуинолық Томас, кітаптың түпнұсқа емес екенін біле тұра, аса құрметпен қараған.



Кітап:

Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Ортағасыр философиясы

Дәріс:

3. Бозеңій, кейінгі грек философиясы және Каролингтер империясындағы философия

Кейінгі пүтқа табынушылар философтарының арасынан, Кенни Гипатияны да айтып өтеді. Поэзияда Сапфоның алар орны қандай болса, ғылым және философиямен айналысқан атақты әйел Гипатияның да орны ерекше. Сонымен қатар, Кенни Юстинианның билік еткен кезеңінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан Аммонийдің қос шәкірті Симпилиций мен Филопонды да айта кетеді. Әйгілі жауап алушы әрі заң шығарушы Юстиниан Византияның императорларының ішіндегі ең даңқтысы болды. Императордың генералдары бұрынғы Батыс империясының басым бөлігін бағындырап, бұл аймақты Константинополь билігінің қол астына біріктірді. Оның заңгерлері империяның сақталған барлық жарлықтары мен жарғыларын жинап, оларды біртуғас заң ретінде жарыққа шығарды. Ол заңға түсініктемелер жинағы қоса тіркелді. Юстиниан билік жүргізген тұста енгізілген «Азаматтық құқық кодексі» бертінге дейін еуропалық елдердің басым көпшілігінің заң жүйесіне ықпал етті. Дегенмен, Юстинианның билік құрган кезеңі заң саласы үшін қолайлы болғанымен, философия үшін олай болмады. Юстиниан 529 жылды христиан дініне қарсы бағыт ұстанғаны үшін Афина мектебін жапқызып тастайды.

Жер жүзінде әртүрлі өзгерістер орын алғып жатса да, Рим империясындағы жағдай байырғы қалпынан өзгере қойған жоқ. Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) 633 жылды өмірден озғаннан кейінгі он жыл ішінде мұсылман діні Араб жерінен бастап көрші Парсы империясына және Рим провинциясына кіретін Сирія, Палестина, Мысыр жерінде кең тарады. 698 жылды мұсылмандар Кафагенді басып алды. Он жылдан кейін бүкіл Солтүстік Африканы өз иелігіне өткізді. 711 жылды Гибралтар бұғазын кесіп өтіп, Гот христиандарын бағындырған соң, Испанияға баса-көктеп кірді. Олардың Солтүстік Еуропаға қарай ілгерілуі тек 732 жылды Пуатье қаласының түбінде франк қолбасшысы Карл Мартелдің шабуылына ұшырағаннан кейін тоқтады.

768 жылды франктердің королі атанған Карл Мартелдің немересі Ұлы Карл Папа III Леоні Римнен құылған кездегі оның лауазымын өзіне қайтарып берді. 800 жылды Папа Рождество кезінде Қасиетті Петршіркеуінде алғыс ретінде Ұлы Карлды Рим императорлығынатағайынады. Осылайша, 814 жылды, Ұлы Карл дүниеден озған шақта, Батыс Еуропа құрлығындағы барлық христиандардың басын қосқан Қасиетті Рим империясының дәүірі басталды. Ұлы Карл өз иелігіндегі жерлерде білім беру мен мәдениет стандарттарын жақсартуға тырысты. Ол Еуропаның әр түкпірінен ғалымдарды жинап, Ахенде «Сарай мектебін» құрды. Ұлы Карлдың сүйікті ермегі астрономия еді.

IX және XI ғасыр аралығында философияның шарықтаған кезінде, Каролингтік өрлеу кезеңінің алдыңғы қатарлы философтары, батыста – Иоанн Скот Эриугена, ал Шығыста ибн Сина болды. Иоанн Скот Эриугена Ирландияда IX ғасырдың алғашқы онжылдығында дүниеге келді. 851 жылды Эриугена Ирландиядан Ұлы Карлдың немересі Тақыр Карлдың аймағына қоныс аударды.

Папаның мақұлдауына ұсынылмаған Готтшалктың дінбұзарлық идеясын терістеп жазған «Тағдыр туралы» атты трактаты және Дионисий Ареопагиттің еңбектеріне жасаған латын аудармасы Эриугенаны Шіркеуден шеттетудің себебі болды. Осындай айыптауға қарамастан, Тақырбас Карл Эриугенага ұдайы қолдау қөрсетіп отырды.

Эриугена өз заманының қиялы ұшқыр ойшылдардың бірі. Оның өмір жолы ұлы ойшыл Оригенді еске салады. Екеуі де тағдырлас. Екеуін де құғынға ұшыратқан Шіркеу, оларды әулиелер қатарына да қослады. Эриугена заманынан озып туған ойшыл еді. Латын тілінен бөлек, Эриугена грек, тіпті, араб тілін де білуі мүмкін. Осы себепті де ол Платон, Аристотель, грек Шіркеу әкейлері және неоплатонизммен жете таныс болды. Джон Скот Эриугена білімділігімен қатар, ой-санасының құдіреті мен батыл пікірлері Ортағасыр философиясында бәрінен де асып түсті. Оны тек кең жазықтықта жалғыз көтерілетін жанартау шындарымен ғана салыстыруға болады.

Эриугенаның адам мәніне берген түсіндірмесі таң қалдырады. Адам жанының мәні Құдай мәселесі секілді құпияға толы және ақылға сыйымсыз. Өйткені, мәннің өзі Құдай. Жан бұл қозғалыста, өмір де – міне оның табиғаты туралы біліміміз осы. Бұл қозғалыс, бұл өмір Эриугена философиясында үш сатының көрсетеді: сезіну, түсіну, ақыл. Бұлар Құдай Үштігінің адами сипаты. Тән бір мезетте жанмен туылған, бірақ, біздің тәніміз бастапқы қалпындағы идеалды сұлулықты көрсете алмайды. Біздің қазіргі тәніміздегі жасырын түрған бұл идеалды сұлулық бастапқы тазалығында тек соңында көрінеді. Эриугенаның ойынша, адам өне бойында жер және аспан туындыларын жинақтаған. Ол әлемді қысқаша бейнелейді, сондықтан ол туындылардың



Кітап:

Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Орта ғасыр философиясы

Дәріс:

3. Бозеций, кейінгі грек философиясы және Каролингтер империясындағы философия

патшасы. Ол аспан періштелерінен күнә жасайтынымен ерекшеленеді, ал тәубеге келуі арқылы құдіретті тіршілік иелеріне дейін көтеріледі. Күнә адамның тәндік табиғатынан туындейдьы. Адам дамуы барысында сезімдік өмірді интеллектуалдықтан басым қояды. Бұл қажетті нәтиже.

Эриугена Инжілден мысалдарды жиі келтіріп отырса да, оның жүйесі дәстүрлі христиандық ойдан гөрі пүтқа табынушылық неоплатонизмге жақын болды, – дейді Кенни. Сондықтан, дінбасылары оның «Табиғат туралы» еңбегін қатаң сынға алды. 1225 жылы Папа III Гонорий оның сақталған барлық еңбегін Римге жөнелтіп, өртеп жіберуге тапсырма берді. Алайда, олар тарихтан мүлде жоғалып кетпеді. Тақырбас Карлдың кешкі ас кезінде «Шотландықтың маскүнемнен айырмашылығы неде?» деген сауалына Эриугенаның «Тек осы үстелде ғана» деген жауабы ауыздан-ауызға тарап, сақталып қалды. Оксфорд университеті бір кездері Эриугенаны университеттің негізін қалаушы тұлға ретінде құрмет тұтты.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінде баяндалған Бозеций ілімін, кейінгі грек философиясы және Каролинг империясы кезіндегі философиялық мәселелерді қарастырыдық. Келесі дәрісімізде осы кезеңнің атақты ойшылдары – ибн Сина, Кентерберилік Ансельм, Абелляр, ибн Рушд және Маймонид философиясына тоқталамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. 431 жылы Эфес қаласында өткен бірінші кеңестің басты мәселесі қандай болды?
2. «Монофизитизм» терминінің мағынасы?
3. 451 жылы Халкайдондық кеңесте қандай шешім қабылданды?
4. V ғасырдағы христологиялық дебаттардың мәні?
5. Бозецийдің «Философиядан жұбаныш табу» еңбегінде не туралы баяндалған?
6. Юстиниан 529 жылы Афина мектебін не үшін жапты?
7. Алғашқы философ-әйел Гипатия жайында не білесіз?
8. Ұлы Карл билеген заманының ерекшеліктері?
9. Каролингтік қайта өрлеу кезеңіндегі ең атақты философ кім?
10. Эриугена адам мәніне қандай анықтама береді?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Бозеций. Утешение философией. – М., 2017.
4. Иоанн Скот Эриугена. Фрагменты из «О божественном предопределении» // Знание за пределами науки. – М., 1996.
5. <http://rushist.com/index.php/philosophical-articles/2667-filosofiya-ioanna-skota-eriugeny>